

«Еуразиялық банк» АҚ-жеке тұлғалар төлем карточкаларының ұстаушылары үшін «Бейілділік» акциясын өткізу талаптары

1. Негізгі ережелер

1.1. Осы Талаптар «Еуразиялық банк» АҚ-жеке тұлғалар төлем карточкаларының ұстаушылары үшін «Бейілділік» акциясын өткізу талаптарының (бұдан әрі - Талаптар) тәртібін және Акцияны жүргізу мерзімін анықтайды.

1.2. Акция «Еуразиялық банк» АҚ-та (бұдан әрі — Банк) жүргізіледі.

1.3. Акцияның іске қосылуы, тоқтатылуы және талаптарының өзгертілуі туралы шешімді Банктің Уәкілетті органы қабылдайды.

1.4. Акцияны өткізу уақыты: Егер банктің Уәкілетті органы Акцияны тоқтату туралы шешім қабылдаса, жыл сайын келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде мерзімін ұзартумен қоса санағанда 2020 жылғы «12» мамырдан бастап 2020 жылғы «31» желтоқсанға дейін.

1.5. Осы Талаптарда пайдаланылатын жалпы түсініктер.

Акция — Банктің клиенттерінің бейілділігін сақтауға, сондай-ақ «Еуразиялық банк» АҚ шығарған төлем карточкаларын пайдаланумен қолма-қол ақшасыз операцияларды ынталандыруға, депозиттік базаны арттыруға, кредиттерді және жаңа төлем карточкаларын ашуға бағытталған науқан.

Бонус — Акция қатысушысы осы Талаптардың талаптарына сәйкес келетін, осы Талаптардың талаптарын қанағаттандыратын белсенділік танытқан кезде Банктің өзіндік қаражаты есебінен Акция қатысушысына берілетін шартты бірлік. Бонустар Акция Қатысушысының арнайы Бонустық шотында жиналады. Бонус мөлшерін Банктің Уәкілетті тұлғасы Банктің Уәкілетті органы бекіткен бонустар мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерінің есебімен белгілейді.

POS-терминалдарды және E-Com пайдаланумен жұмсау операциялары үшін 1 Бонус (BNS) 1 теңгеге (KZT) тең.

Бонустық шот — Бонустарды есептеуді/жұмсауды есепке алуға арналған Акция Қатысушысының Банкте ашылатын арнайы шоты.

Транзакция күні - Акция Қатысушысымен төлем карточкасының және интернет-банкінг көмегімен тауарлар мен қызметтер үшін төлеу бойынша транзакцияның жасалатын күні.

Интернет-банкінг немесе Smartbank — Акция Қатысушысының банктік шоттарына қашықтықтан қол жеткізуге арналған банктік жүйе (<https://my.smartbank.kz>).

Кешбэк — Талаптарда және Банктің Уәкілетті тұлғаларының шешімімен бекітілген мөлшерде және тәртіпте сатып алу құнының бөлігін қайтару. Кешбэк бонустық шотқа Бонустар түрінде есептеледі.

Серіктес - Акция Қатысушысына серіктестің сауда-сервистік кәсіпорындарында артықшылықтарды (тауарларға/қызметтерге жеңілдіктер, бонустардың көтеріңкі мөлшері және т.б.) алуға рұқсат беретін Акция аясында Банкпен ынтымақтастық туралы шарт жасаған ұйым.

Транзакция — Нәтижелері бойынша Банкпен бонустарды есептеу жүзеге асырылатын Акцияның Қатысушысының белсенділігі, оның ішінде Банктің ресурстарындағы шығыс операциялары, депозиттерді ашу, кредиттерді алу, тауарлар мен қызметтер үшін ақы төлеу операциялары, төлем карточкасын пайдаланумен банктік шоттарда қаражатты сақтау.

Акцияның талаптары - осы Талаптарда және Банктің Уәкілетті тұлғасының шешімімен анықталған мөлшерде және тәртіпте Акцияның Қатысушысының бонустық шотына бонустарды есептеуге қатысты Банктің міндеттемелеріне әкеп соқтыратын оқиғалар.

Банктің уәкілетті тұлғасы - келесі өкілеттіктерді жүргізетін, Бөлшек бизнес блогына жетекшілік етуші Банктің лауазымды тұлғасы (клиенттік тәжірибе бойынша басқарушы директормен алдын ала келісумен) :

- Банктің Уәкілетті органы бекіткен Бонустардың шекті мөлшерлерінің есебімен Бонустар мөлшерлемелерін бекіту;
- айына Бонустардың ең жоғары жиынтық мөлшерін белгілеу/өзгерту;
- Акцияның талаптарын теріс пайдалану тізімдемелерін толтыру;
- Серіктестермен шарттарды жасау/бұзу және/немесе жасалған шарттар аясында жеке талаптарды ұсыну, сондай-ақ Акция бойынша Банктің серіктестерімен біржолғы бағдарламаларды жүргізу қажеттігі туралы шешім қабылдау;
- Акцияның талаптарын қасақана пайдаланудың айқындалуына байланысты Акцияға қатысушыларды шығару туралы шешім қабылдау;
- Сүйікті санаттарды алып тастау/толықтыру туралы шешім қабылдау.

Уәкілетті орган — Акцияны іске қосу, тоқтату және Талаптарын өзгерту туралы шешімді қабылдауға уәкілдік берілген Банктің алқалы органы.

Акцияға қатысушы* — 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының резиденті/бейрезиденті болып табылатын жеке тұлға, атап айтқанда Акцияның талаптарына сәйкес келетін белсенділікті жасаған VISA/MasterCard төлем карточкасының ұстаушысы

E-com — төлем карточкасын пайдаланумен интернетте жасалған тауарлар мен қызметтер ақысын төлеу бойынша шығыс операция. Бұл белгіні транзакцияның қалған анықтауыштарымен бірге халықаралық төлем жүйесі береді.

MCC (Merchant Category Code) — тауарлық-сервистік кәсіпорындарды олардың қызметінің түрі бойынша жіктеу үшін сауда орны түрінің коды. Бұл кодты сауда-сервистік кәсіпорынға эквайер-банк береді.

POS-терминал — төлем карточкаларын төлеуге қабылдау үшін қажетті электронды құрылғы.

Retail-транзакция — сауда-сервистік кәсіпорындардың POS-терминалдары желісінде төлем карточкаларды пайдаланумен және интернет-дүкендерде E-com-операциялары арқылы тауарлар мен қызметтер үшін ақыны төлеу бойынша шығыс операция.

Сүйікті санат — Акцияның қатысушысына сауда және сервистің нақты орындарында жоғарылатылған бонустарды алу үшін карточканы қосуға мүмкіндік беретін Интернет-банкинг пен Smartbank-тағы Бонус шотының опциясы.

2. Жалпы талаптар

2.1. Акцияның мәні:

- 2.1.1. Акцияның Қатысушысына Бонустық шотқа Акцияның бонустарын есептеу.
- 2.1.2. Акцияның Қатысушысының Бонустарды пайдалануы (жұмсау).
- 2.2. Акцияға жасалу күні Акцияны өткізу кезеңіне келетін және Акцияның талаптарына сәйкес келетін әрбір операция қатысады.
- 2.3. Есептелетін Бонустардың саны және Акцияға қатысатын транзакциялардың түрлері Банктің Уәкілетті тұлғасының шешімімен анықталады, ал басқа транзакциялар Акцияға қатыспайды.

3. Қатысу тәртібі

- 3.1. Акцияның Қатысушысы атану үшін келесі әрекеттерді жасау қажет:
 - 3.1.1. Төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотты ашу немесе Акцияны өткізу сәтінде төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шоттың бар болуы.
 - 3.1.2. Акцияны өткізу кезеңі ішінде Акцияның Талаптарына сәйкес келетін кез келген транзакцияны жасау. Барлық жеке тұлғалар, атап айтқанда Акцияның Талаптарына сәйкес келетін төлем карточкалардың ұстаушылары автоматты түрде Акцияның Қатысушылары атанады. Акцияның Қатысушылары Акцияға қатысуға және осы Талаптарды сақтауға өз келісімін береді.
- 3.2. Банк Акцияның Қатысушысына Бонустық шотты автоматты түрде ашады.
- 3.3. Бонустық шот бойынша қалдықты және қозғалысты (кірісті/шығысты) қарау Интернет-банкингте/Smartbank-те қолжетімді.
- 3.4. Көтеріңкі бонустарды алу үшін Акцияның Қатысушысына Интернет-банкингте/Smartbank-те «Сүйікті санаттар» бөлімінде Бонустық шот опциясын қосу қажет.

4. Бонустарды есептеу тәртібі

- 4.1. Есептелетін Бонустардың сомасы Банкпен Акцияның Талаптарына сәйкес келетін транзакцияларды өңдеу фактісі бойынша есептеледі және 3 (үш) жұмыс күн ішінде Бонустық шотта көрсетілетін болады.
- 4.2. Бонустардың сомасы бүтін санның жүздік үлестеріне дейін аз жағына қарай ықшамдалады, сосын осы сома Акцияның қатысушысына есептеледі.
- 4.3. Сатып алу операциясы болдырылмаған (қайтарылған) жағдайда Бонустық шоттағы қалдықтың мөлшері қайтарылған операцияның Бонустарының сомасына азайтылады.
- 4.4. Банк өз қалауынша, Акцияның Талаптарынан тыс кезде де Бонустық шотқа қосымша Бонустарды акцептісіз тәртіпте есептеуге құқылы. Қосымша есептелген Бонустардың мақсаты Интернет-банкингтегі/Smartbank-тегі Бонустық шот бойынша үзінді көшірмеде көрсетіледі.
- 4.5. Қосымша есептелген Бонустардың мақсаты Интернет-банкингтегі/Smartbank-тегі Бонустық шот бойынша үзінді көшірмеде көрсетіледі.
- 4.6. Бонустар Клиент тиісті нұсқаулықты алып тастаған немесе оны орындауды тоқтатқан жағдайда, сонымен бірге келесі операцияларды жүргізген кезде есептелінбейді:
 - қолма-қол ақша алу (оның ішінде банкомат немесе қолма-қол ақша беру орны арқылы);
 - ақшаны төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотқа есепке қосу;
 - ертеректе есептен шығарылған тауарларға/қызметтерге төлемақының ақшасын төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотқа қайтару;
 - жол чектерін, сонымен бірге осыған ұқсас ақшаларды (крипто валюта, электрондық валюта және т.б.) сатып алу;
 - шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алумен байланысты комиссияларға ақы төлеу;
 - ұтыс тігу мен бәс тігулерге, лотереялық билеттерге, сыйақылар мен басқа мадақтау ойындарына қатысуға құқықтарды сатып алу;
 - ақша аудару;

- тиісті шарт бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктерінің алдындағы берешектеріне ақша төлеу;
- клиенттің шотына салынған шектеулер/тыйым салулар болған кезде. Қолданыстағы заңнамалардың негізінде салынғандары, қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей: уәкілетті органдар, екінші деңгейлі банктер, сот орындаушылары;
- бизнес қызметтерге және В2В сервистеріне ақы төлеу;
- электронды әмияндарды толықтыру;
- телефон сатуларын қоса алғанда, телекоммуникациялық құрал-жабдықтарды сатып алу;
- жарнамалық қызметтерге ақы төлеу;
- ломбардтарға ақы төлеу;
- сот орындаушыларының қызметтеріне және/немесе сот қызметтеріне/баж салықтарына ақы төлеу.

5. Бонустарды пайдалану тәртібі

5.1. Есептелген бонустарды келесі жолдармен пайдалануға болады:

5.1.1. Кез келген POS-терминалдарда төлеу.

5.1.2. Кез келген интернет-дүкендерде төлеу.

5.2. Есептелген Бонустарды пайдалану (жұмсау) талаптары №1 қосымшада анықталады;

5.3. Банктің бұрын әрекет еткен акциялары бойынша есептелген бонустар ағымдағы Акцияның шеңберінде де пайдаланылуға (жұмсалуға) қолжетімді.

5.4. Бонустардың қолданылу мерзімі - 12 ай. Пайдаланылмаған бонустар олардың бонустық шотқа есептелген күннен бастап 12 ай ішінде есептен шығарылады.

5.5. Есептелген Бонустарды Клиент тиісті нұсқаулықты алып тастаған немесе оны орындауды тоқтатқан жағдайда, сонымен бірге келесі операцияларды жүргізген кезде пайдалануға рұқсат етілмейді:

- қолма-қол ақша алу (оның ішінде банкомат немесе қолма-қол ақша беру орны арқылы);
- ертеректе есептен шығарылған тауарларға/қызметтерге төлемақының ақшасын төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотқа қайтару;
- жол чектерін, сонымен бірге осыған ұқсас ақшаларды (крипто валюта, электрондық валюта және т.б.) сатып алу;
- шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алумен байланысты комиссияларға ақы төлеу;
- ұтыс тігу мен бәс тігулерге, лотереялық билеттерге, сыйақылар мен басқа мадақтау ойындарына қатысуға құқықтарды сатып алу;
- ақша аудару;
- тиісті шарт бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктерінің алдындағы берешектеріне ақша төлеу;
- клиенттің шотына салынған шектеулер/тыйым салулар болған кезде. Қолданыстағы заңнамалардың негізінде салынғандары, қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей: уәкілетті органдар, екінші деңгейлі банктер, сот орындаушылары;
- бизнес қызметтерге және В2В сервистеріне ақы төлеу;
- электронды әмияндарды толықтыру;
- телефон сатуларын қоса алғанда, телекоммуникациялық құрал-жабдықтарды сатып алу;
- жарнамалық қызметтерге ақы төлеу;
- ломбардтарға ақы төлеу;
- сот орындаушыларының қызметтеріне және/немесе сот қызметтеріне/баж салықтарына ақы төлеу.

6. Акцияның басқа талаптары

6.1. Акцияның Қатысушысының Акцияның әрекет ету кезеңі ішінде Бонустарды есептеуге байланысты кез келген наразылығы бойынша Банктің Акцияның талаптарын бұзу үшін Акцияның Қатысушысының алдындағы жауапкершілігі Акцияның Қатысушысымен таласты транзакция бойынша Бонустардың тиісті сомасын есептеумен шектеледі. Банк даулы транзакцияларды тексеру аяқталғанға дейін Клиентке тиісті Бонустарды есептеуден/пайдаланудан (Бонустарды окшауландыру) бас тартуға құқылы.

6.2. Банк Акцияның жаңа оқылымының электронды нұсқасын корпоративтік сайтта (www.eubank.kz) орналастыру және/немесе Акцияның Қатысушыларына SMS-хабарландыруды жіберу (Банктің қалауынша) арқылы Акцияның Қатысушыларына бекіту күнінен бастап 7 (жеті) күннен кейін күшіне енетін осындай толықтырулар/өзгертулер Банктің Уәкілетті тұлғасымен бекітілгеннен кейін келесі жұмыс күннен кеш емес ескерте отырып, біржақты тәртіпте Акцияның талаптарына өзгертулерді және толықтыруларды енгізуге құқылы.

6.3. Акцияға қатысу арқылы Акцияның Қатысушысы Акцияның талаптарына өзгертулерді және толықтыруларды өздігінен қадағалауға келісімін береді. Акцияның Қатысушысымен осы Талаптардың/Банктің Уәкілетті тұлғасының шешімімен жаңа редакция күшіне енгеннен кейін Акцияның талаптарына сәйкес келетін транзакцияларды жасау Акцияның Қатысушысының Талаптардың жаңа оқылымымен келіскеніне растау болып табылады.

6.4. Банк Акцияға Қатысушыны ескертусіз және кез келген себеп бойынша, оның ішінде Акцияның Қатысушысы Акцияның талаптарын сақтамаса және/немесе оларды теріс пайдаланған кезде** Акцияның Қатысушылары қатарынан шығаруға құқылы.

6.5. Банк Акцияға алдын ала хабарлаусыз келесі жағдайларда Клиенттің қатысуын біржақты тәртіпте тоқтатуға, шектеуге, сонымен бірге қысқартып тастауға құқылы:

- Банкте Акцияны кәсіпкерлік қызметті жүргізу, оның ішінде туристік қызметті жүргізу мақсатында пайдаланады деп есептеуге негіздеме болған жағдайда;

- Клиент Қазақстан Республикасының заңнамаларын және/немесе «Еуразиялық банк» АҚ банктік және өзге қызметтер көрсетудің стандартты талаптары (Қосылу шарты) аясында Клиент қабылдаған міндеттерді, оның ішінде Қосылу шарты бойынша мерзімі кешіктірілген берешегі болған жағдайда;

- Банктің қарастыруы бойынша басқа жағдайларда.

6.6. Банк Клиентке чектерді бергені/ Бонустар есептелгені үшін Операцияларды жасағанын растайтын басқа құжаттарды бергені туралы сұрау жіберуге құқылы. Клиент Банкке көрсетілген құжаттарды бермеген жағдайда, Банк Клиентке тиісті Операция үшін Бонустар есептеуден бас тартуға құқылы.

6.7. Банк халықаралық төлемдер жүйесінің деректерді беру және транзакциялардың басқа белгілерінің дұрыстығы үшін (мысалы: МСС коды, электрондық коммерцияның белгілері және басқалары) жауапкершілікте болмайды және алынған ақпараттарға сәйкес қалай бар болса, солай Бонустарды есепке қосады.

6.8. Бонустарды есептеу бойынша оқиғалар қатысатын есептеудің барлық ережелері үшін (мысалы депозитті сақтау, кредитті алу және т.б. үшін бонус), Банк алаяқтық әрекеттерді болдырмау және бейілділік бағдарламасын теріс пайдаланбау мақсатында оқиға (кредитті беру, депозитті толықтыру) орын алғаннан кейін 3-ші жұмыс күнінде оқиғаны өңдейді. Осындай оқиғалар бойынша Акцияның Қатысушысы осындай оқиғалар бойынша бонустарды Банкпен өңдеу жүргізілгеннен кейін ғана алады.

6.9. Банк біржақты тәртіпте Сүйікті санаттарды қосуға/алып тастауға, Сүйікті санаттағы бонустарды есептен мөлшерін және/немесе талаптарын өзгертуге, Акцияның талаптарына сауда және сервис орындаурын қосуға/алып тастауға құқылы.

* Барлық мәмілелер (жинақтаушы шотты ашу, қарыз шартын жасау, төлем карточкасын шығару) Банктің ІНҚ-пен қарастырылған «Еуразиялық банк» АҚ банктік және өзге қызметтер көрсетудің стандартты

талаптары (Қосылу шарты) аясында жасалады (Банктің бөлімшелерінің қажетті қорытындыларын алу, Банкпен айрықша қатынас бойынша қатыстылығына, табыстарды жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет бойынша талаптардың сақталуына тексеру, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және басқа нормативтік құжаттары аясында жүргізілетін басқа тексерулер).

**** Акцияның талаптарын теріс пайдалану –** Акцияның Қатысушысының (Банктің пікірі бойынша) Акцияның Талаптарын бұзатын әрекеттері, Акцияның Талаптарын және оның талаптарын сақтамау, алаяқтық әрекеттерін жасау, Акцияның аясында берілетін қайсыбір артықшылықтарды/ынталандыруды теріс пайдалану, Банктің Серіктестеріне жаңылыстыратын ақпаратты немесе қате деректерді ұсыну.

Егер Банкте ақшамен және (немесе) клиенттің басқа мүлкімен операциялар қылмыстық жолмен және (немесе) терроризмді қаржыландыру арқылы (немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен және (немесе) терроризмді қаржыландыру арқылы алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы әрекет ретінде жіктелген басқа әрекеттер арқылы) алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) қатысы бар екеніне негіз бар болса, осындай әрекеттер де Акцияның талаптарын теріс пайдалану ретінде саналады.

Қосымша, осы Талаптардың аясында келесі оқиғаларды Банк Акцияның талаптарын теріс пайдалану деп таниды:

- Клиенттің корпоративтік мұқтаждықтарына жеке төлем карточкасымен тауарларды және/немесе қызметтерді күнделікті, кезеңімен сатып алу;
- Тауарларды супермаркеттерде, электроника дүкендерінде және басқа сауда орындарынан оңтайлы, күнделікті, кезеңімен сатып алу;
- жоғары Бонустар алу мақсатында ритейлге жасырынған Клиенттің төлем карточкалары бойынша аударым операцияларын орындау;
- төлем карточкаларын пайдаланумен ағымдағы шотта ақшаның қалдығына Бонустар есептеу бойынша шектеулерді аралау үшін өзінің атына Клиенттің көптеген төлем карточкаларын ашуы;
- жеке мұқтаждықтарына емес, оның ішінде әуе және т/ж билеттерін сатып алуға Клиенттің төлем карточкаларын пайдаланумен бұқаралық, күнделікті, кезеңдік сатып алулар;
- шетелдік интернет сайттарда жеке мұқтаждықтарына емес Клиенттің төлем карточкаларын пайдаланумен тауарларды бұқаралық, күнделікті, кезеңдік сатып алулар;
- Ойын интернет сайттарында, виртуалдық интернет ойынханада, букмекерлік кеңселерде, крипто валютаны сату бойынша интернет платформаларда, Qiwi, PayPal, Web Money виртуалдық әмияндарын және осыған ұқсатарын толтыру бойынша Клиенттің төлем карточкаларын пайдаланумен күнделікті, кезеңдік сатып алулар;
- Телефон баланстарын толықтыру.